

Өткен сабақты қайталау сұрақтары

1. Миграцияның қандай түрлері бар?
2. Маятниктік миграция дегеніміз не?
3. Маусымдық миграция
4. Дүниежүзілік миграцияға әсер етуші негізгі 5 фактор
5. Әлемдік миграцияның негізгі бағыттары
6. Таяу Шығыстағы миграция





Сабақтың тақырыбы:

Урбандалу түрлері, деңгейі
мен қарқыны


Мақсаты:

Урбандалумен байланысты мәселелер:
«жалған урбандалу», «субурбандалу»,
қалаларда қоршаған ортаның ластануы,
баспана. Дүние жүзі мен жекелеген
аймақтардағы урбандалудың деңгейі
мен қарқыны


Жетістік критерийлері

- Қалалардағы халық санының көбею себептерін анықтайды, урбандалу түрлері мен урбандалу деңгейлерін ажыратады.
- Оқушылар дүние жүзіндегі агломерациялар мен мегалополистердің халық санын анықтап, қалыптасу ерекшеліктерін көрсетеді.
- Қалалардағы халық санының көбеюінен қала қоршаған ортасының ластануына әсер ететін факторларды анықтап, ластануды болдырмау жолдарын іздейді.

Сұрақ: Тарихтан алған білімдеріңізді еске түсірсек.
Жер бетіндегі ең алғашқы қалалар қашан және қай
аймақтарда қалыптасты? Қалыптасу себептері неде?



Древняя Индия (около 250 до н.э.)



Ең алғашқы қалалар


1. Ніл өзені, Евфрат пен Тигр өзендері атырабында

2. Үндістан мен Қытай елдерінде


Ең алғашқы қалалардың атқарған функциялары:

- Әкімшілік орталықтары;
- Сауда және қолөнер орталықтары
- Әскери бекіністер
- Өнеркәсіп шоғырлануы
- Көлік торабы
- Мәдениет орталығы

Тапсырма: Картаны пайдаланып урбандалу деңгейі жоғары аймақтар мен елдерді жазыңыз.



Әлем елдерінің кұрлықтар бойынша урбандалу деңгейлері 2015 ж. (% көрсеткішпен)



Тапсырма: Дүние жүзіндегі урбандалу деңгейінің диаграммасына талдау жасаңыз. Урбандалу көрсеткіштерінің әртүрлі болуына қандай факторлар әсер етті?

Қызықты деректер!

Әлемде түрлі елдерде адам санына байланысты қала статусын анықтау әртүрлі.

Мысалы, Швеция, Дания, Финляндия мемлекеттерінде халық саны **200-ден асса**, Канада, Австралияда –**1000-нан астам** адам, Германия мен Францияда –**2000-нан астам** адам, Америка Құрама Штаттары және Мексикада **2500 адам**, Үндістан, Иран –**5000-нан астам** адам, Швейцария, Малайзия –**10 000-нан астам** адам, Нидерланды, Нигерия – **20 000-нан астам** адам. Жапонияда –**30 000 мың адам.**



Сұрақ: Біздің еліміз Қазақстанда қала атану үшін қанша халық саны болу керек? Қала атану үшін тағы да қандай критерийлер бар?

Дүниежүзілік процесс ретінде урбандалудың елдерге тән ортақ сипаттары бар

Урбандалу сипаттары	Көрініс мысалдары
1. Қала халқының тез өсуі	XX ғасырдың екінші жартысында қала халқының үлесі 16% -ға өсті (сонымен қатар қала халқының саны жыл сайын 50 миллион адамға артады.)
2. Негізінен ірі қалаларда халықтың шоғырлануы	XX ғасырдың басында, ірі қалалар (халық саны 100 мыңнан астам адам) 360 болса, қазіргі кезде 2500-ден аса. Миллионер қалалар саны 200 болса, халық саны 10-млн-нан жоғары 20 қала бар.
3. Қалалардың «тарамдалуы» арқылы аумағының үлкеюі	Агломерацияларды қалыптастыру. Мысалы, Мехико, Сан-Паулу, Токио, Нью-Йорк 16-20 млн халқы бар. Мегаполистерді қалыптастыру: Босваш (45 миллион адам.), Токайдо (60 миллион адам.) және басқалар.

Урбандалу деңгейі бойынша елдерді жіктеу:

Жоғары урбандалған елдер	Орташа урбандалған елдер	Әлсіз урбандалған елдер
Қала халқының үлесі 50%-дан жоғары	Қала халқының үлесі 20-50%	Қала халқының үлесі 20%-дан төмен
Ұлыбритания Венесуэла Кувейт Швеция Аустралия Жапония	Алжир Боливия Нигерия Үндістан Заир Египет	Чад Эфиопия Сомали Нигер Мали Замбия




Қаланың орталық бөлігінде тұратын аukatты адамдардың қала сыртына жаппай қоныс аударуымен сипатталатын урбандалудың түрі *субурбандалу* деп аталады.



Субурбанизация себептері


- Қала маңындағы жер бағасының төмен болуы
- Өзінің жеке үйін тұрғызуға ұмтылу
- Қаладағы қылмыстық аймақтарды тастап кетуге тырысу
- Қала сыртында қоршаған ортаның аз ластануы
- Автокөліктердің көбеюі

Латын Америкасында *урбандалу деңгейі* жоғары: аймақ халқының 73%-дан астамы қалаларда тұрады. Латын Америкасына тән бір ерекшелік — «**жалған урбандалу**», ол жалпы қала халқының үлесінің еңбек ететін экономикалық белсенді қала халқының үлесінен едәуір артық болуымен сипатталады.



Рурбандалу – қалалық өмір сүру салтының ауылдық елді мекендерге таралуы

RURBANIZATION



**Cut Development Costs by Rurbanising – Transforming
A Loop of Villages into a Low-cost Virtual Town –**

Контрурбандалу – қалада жұмыс істейтіндердің қала агломерациясынан тыс елді-мекендерге қоныс аударуы. Бұл ауыл халқының санының артуына әкеліп соғады.

Урбандалу қарқыны

Дамыған елдерге тән урбандалу түрлері:

- ✓ Субурбандалу (қала маңына қоныстану)
- ✓ Рурбандалу (ауылдық урбандалу)

Дамушы елдерге тән урбандалу түрі:

- ✓ Жалған урбандалу

Агломерация – үлкен қалалар маңына кіші елді-мекендердің шоғырлануы немесе Үлкен қалалардың өз айналасындағы қалаларды қосып алуы (д.ж. ең ірі агломерация – Мехико, 31 млн.халық өмір сүреді).



Тапсырма: Кесте бойынша Азия елдеріндегі урбандалу деңгейіне график салындар (дәптерге)

Р/с	Азия елдері	Урбандалу деңгейі (% көрсеткішпен)
1	Қытай	53.2
2	Үндістан	32.0
3	Кувейт	98.3
4	Бахрейн	88.8
5	Ливан	87.5
6	Ирак	66.4
7	Қазақстан	53.4
8	Индонезия	52.2
9	Филиппин	49.3
10	Пәкістан	36.8
11	Ауғанстан	24.1

Тапсырма: Картадан «Әлемдегі ең ірі қалаларды» тауып, 15 агломерацияны контурға түсіріңіз. (интернетті қолданып)



Дүние жүзіндегі ең үлкен қала агломерациялар (2016 ж.)

Реті	Қала	Мемлекет	Халық саны	Ауданы, км ²	Халық тығыздығы/ км ²
1	Токио — Иокогама	Жапония	37 239 000	8 547	4 400
2	Джакарта	Индонезия	26 746 000	2 784	9 600
3	Сеул — Инчхон	Корея Республикасы	22 868 000	2 163	10 600
4	Дели	Үндістан	22 826 000	1 943	11 800
5	Шанхай	Қытай	21 766 000	3 497	6 200
6	Манила	Филиппин	21 241 000	1 437	14 800
7	Карачи	Пакістан	20 877 000	803	26 000
8	Нью-Йорк	АҚШ	20 673 000	11 642	1 800
9	Сан-Паулу	Бразилия	20 568 000	3 173	6 500
10	Мехико	Мексика	20 032 000	2 046	9 800
11	Пекин	Қытай	18 241 000	3 497	5 200
12	Гуанчжоу — Фошань	Қытай	17 681 000	3 173	5 600
13	Мумбаи	Үндістан	17 307 000	546	31 700
14	Осака — Кобе — Киото	Жапония	17 175 000	3 212	5 300
15	Мәскеу	Ресей	15 788 000	4 403	3 600

СӨЗЖҰМБАҚ



Загрязнение отсутствует!



11,5 Индекс загрязнения атмосферного воздуха

Дүние жүзі бойынша қалалардың ластану индексі (2016 жыл)

Pollution - Index by City - World Map

Index: Pollution Index Date: 2016 OK

Google 1

Tweet

Lowest Highest



Қала өмірінің артықшылықтары	Қала өмірінің кемшіліктері
Өмір сүру сапасының жоғары болуы	Тұрғын үй бағасының қымбаттылығы
Ғимараттардың көп қабаттылығы	Ауыз судың төменгі сапасы
Қаланың жылумен және энергиямен қамтамасыз етілуі	Ауаның ластануы
Тұрмыстық қалдықтарды арнайы кәсіпорындарда қайтадан өңдеу	Бай және кедей аудандар
Дамыған инфраструктура	Лас көшелер
Қалалық өмір салты	Жер бағасының қымбат болуы
Тұрғындардың қарқынды өсуі	Азық-түлік жетіспеушілігі мен нашар тамақтану
Медицина және қоғамдық денсаулық сақтауды дамытудың жоғары деңгейі	Өнеркәсіптік өндірістің шоғырлануы
Білім алу үшін үлкен мүмкіндіктер	Жұқпалы аурулардың пайда болуы
Адамдардың көптігі мен халық тығыздығы	Автокөлік кептелістері

Тапсырма

Қоршаған ортаның ластануы,
баспана, өмір сүру ортасын қалай
жақсарту керек екеніне ұсыныс
жасау.

Рефлексия

1. Білдім
2. Үйрендім
3. Маған ұнады
4. Маған қиын болды
(тапсырма)
5. Менің көңіл күйім



Пайдаланған ресурстар

<https://www.google.kz/>